

# Сүндөтбай болжыс

Кеңесбай Сүлейменов



**Кеңесбай Сүлейменов**

---

# **Сұндетбай болыс**



**АЛМАТЫ 2006  
“ЕЛДІМІРІ”**



**ББК 28.088 6**

**К 50**

**Сұндетбай болыс.** (Ауданның 80 жылдығына).

**К 50** Өлкетанымдық басылым, – Алматы, 128 бет,  
«Орхон» баспа үйі. 2008.

**ISBN 978-601-7011-44-4**

Бұл кітапта откен ғасырдың басында қазіргі Алматы облысы Балқаш ауданы тоңірегінде есімі елге кеңінен мәлім болған, болыс Сұндетбай қажы Смайылұлы туралы тарихи деректер жанжакты аяға тартылған. Сондай-ақ аталған ауданның құрылудына 80 жыл толуына орай оның әр кезендегі тыныс-тіршілігі де біршама корініс танқан.

**ББК 28.088 6**

© Сұлейменов К., 2008  
© «ОРХОН» баспа үйі

**ISBN 978-601-7011-44-4**

## Ер есімі ел есінде

**Ергазы Кошанбеков,  
Аудан әкімі**

Қазір еліміздің экономикасы өркенделеп, әл-ауқаты жақсарып, жетістіктеріміз сағат сайын молая түсіде. Тәуелсіздік алғалы еліміздің рухани өсіп, жетілуіндегі жетістіктері жетіп артылады. Оның көрінісін ауданымыздан да байқауға болады. Елдегі салиқалы саясат пен тұрақтылықтың арқасында тұрмыс түзеліп, әлеуметтік жағдай жақсарып келеді.

Бұгінде киелі, тарихы терең, халқымыздың бойына тән жақсы қасиеттері, салт дәстүрінің қаймағы бұзылмай сакталған, бақ дарыған Балқаш ауданының құрылғанына – 80 жыл.

Осындайда Елбасымыздың: «Кең байтақ Қазақстанның даласы бекерден-бекер қазақ халқына қалған жоқ. Ата-бабаларымыздың қанымен, аналарымыздың ақ сүтімен қалған. Солардың күресімен, жан аяマイ жанталасып істеген сәбегімен қалған» деген ұлағатты сөзі оралады.

Топырағынан талай саңлақ, талант,abyzdar қанаттанып ұшқан, киелі, бақ дарыған Балқаш елінің тарихы тереңде. Халқымыз егемендікке қол жеткізгеннен кейін тарихымыз қайта жазылып, өшкеніміз жанып, өлгеніміз тіріліп жатыр. Кезінде ел құрметіне бөленіп, ер атанғандардың рухына тағым жасалуда. Осы мақсатпен ауданда тарихи тағылымы мол кітаптар жарық көріп, жас үрпаққа өнеге болуда.

Ауданымыздың тарихында ерекше орын алған тарихи тұлғалардың ішіндегі айтулысы Сұндетбай Смайылұлы туралы жарық көргелі отырған кітапты тәрбиелік маңызы зор



деп ойлаймын. Бұл кітапта кісілігімен елге атағы кеңінен танылған Сұндетбай болыс жайлы мол мағлұмат алып қана қоймай, тарихи, рухани өрісімізді кеңейтеріміз сөзсіз.

Улкен мерейтой қарсаңында бізді ата-бабаларымыздың әруағы желеп-жебеп жүре берсін дей келе, жер бетіндегі шаңырағымыздың бәрінің бақыты асып, ырыздығы тасысын дейміз.

## Ошпес ұлағат

Биыл тарихи тамыры теренге кеткен Балқаш ауданының құрылғанына 80 жыл толу мерейтойы үлкен көлемде аталып өтуде. Соған байланысты ұйымдастырылған шаралардың бір парасы елдің өткенін жаңғыртып, бүгінгі ұрпақтарына таныстыру болып отыр. Аудан тарихының қалтарыстарында ұмытылуға жақын қалған, кезінде ел тағдырына айрықша ықпалы болған көптеген оқиғалар мен тарихи тұлғаларға арналған естелік мақалалар, бейнефильмдер мен сурет альбомдарын жасау, тарихи орындарға экспедициялар шығару қолға алынып, жүзеге асырылуда. Сондай жұмыстардың бірі де бірегейі аудан халқының 1930-1932 жылдары ашаршылық қырғынына ұшырауына әкеліп соққан Кеңес үкіметінің әміршілдік-зорлықшылдық саясатына қарсы шыққан 1928 жылғы Ақкөл көтерілісі құрбандарына арналған монумент орнату болса, енді бірі арнайы кітап шығару мәселесі. Өйткені бұлар әжептәуір қаржылық шығындарды қажет етеді. Осы орайда бақ дарыған Балқаш елінің ажырамас бөлігі Көктал ауылы халқының өз тарихына арналған кітап шығаруға талпынысы өте құптарлық жағдай.

XIX ғасырдың аяғында Жетісу губерниясы, Қапал уезі, Қаратал уезінің құрамынан төменгі Іле болыстығы болып бөлінген елдің алғашқы болысы, бүгінің Көктал ауылының бабасы Сұндетбай қажы Смайылұлының рухани ұлықтай отырып, ол кісінің айналасында тұрғылас дәуір кешкен не-бір жақсылар мен жайсандардың да әруақтарын ардактаған

бұл кітап, сонымен қатар бүгінгі ұрпақтарының да мерейін өсіретін еңбек екені рас.

Тұған жердің тал бесігінде тербеліп өскен Кенесбай Сұлейменов ағамыздың осы кітапты жазуы көп жылғы жемісті еңбегіндегі ерекше белес. Реті келгенде айта кететін бір нәрсе – Көктал ауылынан шыққан азаматтардың ішінде еліне жақсылық жасағысы келіп, талпынып жүретіндердің көп екені, әсіресе кейінгі жастардың тұған жеріне деген ықыласы, ниеті қуантады. 1992 жылы Сұндетбай қажыны еске алу Асы, осы ауылдың төл перзенті, көп жыл ауданымызды басқарған Ә.Ахметов әкеміздің 70 жылдығы мен мектепке атын беру шарапары, ауылдағы білім ошағы – мектептің 70 жылдық мерейтойының ұйымшылдықпен өтуі және осы кітаптың жарыққа шығуы ел бірлігінің жарқын көрінісі. Сонымен бірге осы кітапты шыгаруға демеушілік көрсеткен бауырларымыз берген қолдау жасап ақыл-кенес берген ағалардың да ісі үлгі-өнеге екенін де ұмытпаған жөн.

Бабалар дәстүрін бойларына мол сінірген көкталдықтар келешекте де ел бірлігін сактап, елдіктің үлгісін көрсете беретініне кәміл сенеміз.

*Осы кітапты шыгаруши ынталы топтың атынан  
Бақыт Тілеубаев*

## Көмбетобе баурайында

Жер жәннаты Жетісудың Балқаш өңірін қақ жарып, жайрандап ағатын, ерке сылқым Іле өзені төмендеген саяын сан салаға бөлініп, аймағын суландырып, сұнина үміт артқан жағалай жатқан еркін елін риза етіп, артылған сұын, айдыны шалқар көкше теңізге жеткізеді. Төменгі Іле айырыктарының бірі-Жиделі мен Кетпенқалды өзендері. Екі өзеннің жақындасқан алабында жалғас қатар жатқан үлкен алқап, кең қос жазық; Мәліш сазы мен Токымбай даласы көсіліп жатыр. Бұл Жиенбеттің Итай мен Мыржық деген руларының шекараларының шектесетін жері. Алқапты жағалай, Көмбетөбені орай қоршап, сұғына кіріп, Токымбайды айналып, Кетпенқалды өзені агады. Байғұтты шоқысының түбінде Зорқарадан келетін, Қара өзекті қосып алып, Қызылжыңғылдың сағасы арқылы қайдасын – деп Майлыбасқа тартады.

Осы алқапта, осы жазықта талай ас, той-думан өткен. Соңғы рет 1923 жылы қоңыр күзде халқына қадірлі, еліне сыйлы, көкірегі ояу заман тынысымен үндесебілген сұңғыла, Төменгі Іле болысының тұңғыш болыс басқарушысы Смайылұлы Сұндетбайдың асы өткен.

Ол 1922 жылы, 49 жасында қайтыс болды. Кіслігімен елге атагы кеңінен танылған, Жетісу губерниясы ғана емес, одан тыскары жерлерге есімі белгілі, болған адам. Сұндетбай қайтыс болған соң, туыстары мен ағайындары марқұмның аруағын ардақтап, келесі күзде ас бермек болып іске кіріседі. Бұл кез кеңес өкіметінің ел ішінде билігін жүргізіп, төңкеріс комитеттері құрылып, бай-кулактарды биліктен ығыстырып, ескіліктің көріністерімен құрес бел алып, кедейлер билігі өрлең тұрған уақыт болатын. Соған қарамастан кеңес

өкіметі бұл астың өтуіне кедергі жасамаған. Әрине оның бірнеше негізгі себептері болды. Сұндетбай болыс халыққа қызмет еткен, кедей-кешікті қолдап, жетім-жесірге, қамқор пана болып, пысықайлар мен байлардың қанауына жол бермей аратұра білгендігі, кеңес өкіметін қолдағандығы, кеңінен танылғандығы. Сол кездегі қазақ өлкелік комитетінен ас өткізуге арнайы рұқсат алынғандығы. Жазушы Сабыр Шәріпов бұл ас туралы былай деп жазды “Ел арасы толқулы еді. Жаңа өкіметтің ертеңін бұлдыր болжағандардың көзқарасын тұрақтандыру ниетінде өкімет басындағы ел жақсылары Сұндетбайдың үш жүзге сауын айтқан асын пайдаланып, үгіт жұмыстарын жүзеге асыруды алдыңғы кезекке қойды. Сол кезеңде ол айтарлықтай іс-шараларды жүзеге асыруға пайдасы тиді. Ел арасы бекіп, үш жүздің игі жақсылары мәмлеке келіп тарады”.

Жаңы жайсаң азаматты, ақылды, қолыашықадамды халқы қадірлеп құрметтеген. Имандылыққа біржола бет бұрып, әкесін қажылық сапарға апарып келуі елге үлгі, өнеге-өсиет болған. Ас беру тауқыметі оңай шаруа емес. Оған ағайынтыстыры ғана емес, ел-жұрты көпшілік атсалысуды керек етеді. Сондықтан бұл асқа Бәйшегір балалары мен Жалайыр ұрпақтары өз үлестерін қости.

Асқа дайындық жұмыстарын ұйымдастыру үшін арнайы комиссия құрылды.

Комиссия құрамына: Ниетбай бастаған Смайыл балалары, Мыржық Қойшығұлұлы Шәріп, Ақтеке Тұтқышбайұлы Жаманқұл, Итай Сұттібайұлы Ысқақ, Базар Ойши байдың баласы Сенбек, Есімбол Тәжікбай қажы, Ескара Құмғанбай би, Қайшылы Жалайыр Жұман болыс және тағы басқа өкімет адамдары кіреді. Асқа байланысты материалдық шығындары: қаржы-қаражат, сойыс малдары, асқа тігілетін үйлер, дүние-мұліктердің есебі алынып, ас өтетін орын белгіленді. Алты ай бұрын сауын айтылып астың өтетін мерзімі, ат шабысы, балуандар күресі, сайыс, ақындар айтысы жайлы хабар таратылды. Арнайы қонактар шақырылды. Асқа мемлекет қайраткері Жұбаныш Бәрібаев тағы басқа өкімет адамдары, ақындар-жыр дүлейлері: Кенен Әзіrbайұлы, Қалқа Жапарбайұлы, Шашубай Қошқарбайұлы шақыру алады.

Асқа арнайы өкімет тапсырмасымен келген белгілі мемлекет қайраткері Жұбаныш Бәрібаев астың басынан аяғына дейін қатысқаны белгілі.

Жазушы Бек Тоғысбаев “От пен күл” деген кітабында Сұндетбай болыстың өміріне біраз тоқтаған. Откен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында “Балқаш өнірі” газетінде С. Жұмановтың “Халқына қадірлі болған қажы”, Зарыққан Есілбаевтың “Сұндетбай қажы” деген көлемді мақалаларында Сұндетбай болыс өмірінің жарқын беттері жайлы ашылдып жазды. Талас-тартысқа толы кезендермен, сырға толы жайлары, қажылық сапары жайлы көптеген мәлімет берілген. Кеңес өкіметінің ел өміріне ендеп ене бастағанына қарамастан, ешбір қарсылықсыз үйымдаған түрде откен ас жайлы тұшымды ойлар, тартымды, тәуір пікірлер айтылған 1992 жылы Сұндетбай қажының қайтыс болғанына 70 жыл толуына орай, туыстары мен ағайындары Көктал ауылында Ерсары Әбдікерұлы Төлеубектің үйінде ас берді. Асқа халық көп жиналды: Ат бәйгесі, балуан құресі, түрлі спорт ойындарынан жарыстар өткізіліп, қажының аруагы ардақталды.

Сұндетбай Смайылұлы 1873 жылы қыркүйекте Алматы облысы, Балқаш ауданы, Көктал ауылының аумағында дүниеге келген. Экесі Смайыл орта ауқатты адам болған. Ол-Жалайырдың Бәйшегірінен тарайтын Жиенбет руының Мыржық деген атасынан туған Ерсарының ұрпағы. Өз экесі Бәжібай. Смайылдан сегіз ұл туған. Олар: Ниетбай, Сұндетбай, Кеңесбай, Тезекбай, Ноғайбай, Түменбай, Дәркенбай және Жексенбай.

Олардың анасы – Балқия өнегелі, адамгершілігі мол, ойы жүйрік, тәрбиелі жердің қызы. Бойында жасандылығы мен жалғандығы болмайтын, мінезі жайдары, өресі биік, көнлейіл, кіршіксіз таза көңілмен жүретін адам болған. Смайыл Рысбергеннің Қаратөбесінің етегіне қыстау салып, Шыбықты көлді жайлап, Шоқаның шоқысында көктеуде болып, Жиделі мен Қоғалы, Құр Іле алқаптарында көшіп-конып, мал өсіріп, өсіп өнген.

Ол-Мыржық атасының старшыны әрі биі болып, ел билеу

жұмысына араласып, елдің тыныс тіршілігі мен әлеуметтік өміріндегі мәселелерді шеше білген, сауаты бар адам. Балалары шетінен еті тірі, пысық болып, ел өміріне белсене араласқан. Ниетбай мен Дәркенбай – кеңес өкіметі кезінде қызмет атқарып, ел арасында үлкен беделге ие болғандар.

Ұлдарының ішінде Сұндетбайдың болашағынан үлкен үміт күткен. Патшалық Ресей бодан халықтардың бірі қазақ елін билеудің түрлі тәсілдерін ойладап тапты. 1822 жылы Сперанскийдің “Сібір қырғыздары туралы” әйгілі жарғысы шықты.

1867 жылы “Сырдария және Жетісу облыстарын басқарудың уақытша ережесін” бекітті. Оның артынша басқа губерниялар құрыла бастайды. 120-200 шаңырақ бір старшын, 1000-2000 шаңырақ бір болыс уезге, одан әрі олар губернияға бағынды. Билік басында уездे ояз, губернияда қазактар “жарым патша” деп атаған генерал губернаторлар отырды. Қазақ даласы губернияға, уезге, болысқа, старшындыққа, биліктің алуан түрі арқылы басқарылатын аймаққа айналып тұрған кез Сұндетбайдың жігіттік кезеңіне тұра келеді.

Бәйшегір баба үрпақтары Жетісу губерниясы, Қапал оязы, Қаратал болысының әкімшілік бағынысында болды. Балқаш өңірінде Іле өзенінің бойында тіршілік етіп жатқан елге әкімшілік басқару орталығы Қараталға қатынау үлкен қындықтар келтірді. Жер шалғайлышы, жол қашықтығы, жол бойында елді мекендердің болмауы, ауыз су тапшылығы сияқты кедергілер көп болған. Жолаушылардың ат-көліктері ұзак жолға шыдас бермей болдырған, опат болған. Адамдардың жолда жаяу қалған кездері жиі кездескен. Адам шығындары да аз болмаган. Іле бойын қоныстанған жұрт қын жағдайдан шығудың жолдарын қарастырған. Осы мәселені шешумен айналысады Іле бойының елі Арықтынан шыққан атақты Ойши байға тапсырды.

Ол сол кезде Қапал уезін басқарып отырған Арықтынан шыққан Жәлменді туысына жоғарыдағы жағдайды баяндап, Іле бойы халқының арыз-шағымдарын жеткізеді, елді біріктіріп, өз алдына бөлек, бір болыс үйымдастыруды сұрайды. Бірақ Жәлмендіден мардымды жауап ала алмайды. Ойши бай елге қайтып келген соң, елдің ақсақалдары мен игі жақсыларын жинап ақылдасады..

— Іле бойындағы елдің тағдыры ойыншық емес. Халықтың мұң-мұқтажына бейжай қарай алмаймыз. Менің барбайлығымды шашсандар да, Іле бойы жүртүн Қаратал болысынан бөлуіміз керек, — дейді Ойши бай.

“Жеңгенімді халқым білсін, жеңілгенімді қалтам білсін” деп Ойши бай іске кіріседі. Көптеген қыншылықтарға қарамастан ақыры дегеніне жетеді.

Халықтың арыз-шағымын арқалап, өзімен бірге сауатты бір топ серіктерін ертіп, Ояздың кенсесіне барады. Арыз-шағымды тапсырып болған соң, Оязға ұлына “бауы берік” болсын деп айту үшін үйіне кіріп шығуға рұқсат сұрайды. Қазак халқының салт-дәстүрінен хабардар Ояз әрен деген де рұқсат береді. Ояздың үйіне келіп, көрімдік деп, мол ақша ұсынады. Торға салып, алып келген, Балқаштың серісі жолбарыстың күшігін тарту етіп, ұлыңыз жолбарыстай жүректі жігіт болсын – дейді. Жолбарыстың күшігін көрген Ояз әйелімен екеуі әбден риза болады.

Балқаш көлінің айдынын мекен еткен, айдын еркесі ақкудың бауыр жүнін салып жасаған мамық құс төсекті ұсынады. Ояздың әйелі барлық сыйлықты өте ықыласты қабылдап, балаша мәз болады.

Сый-сияпатқа риза болған Ояз Іле бойы елінің арызын қанағаттандыратынын айтады. Төменгі Іле болысына басқарушы болатын адамды ертіп келуді тапсырады. Ендігі жерде Ойши бай бастаған елдің иігі жақсылары болыс басқарушысы болуға лайықты азамат іздейді. Ауыл ауылға білікті адамдарды аттандырады. Ел ішінен көптеген ақылды, білікті, пысық азаматтарды табады. Оларды ірік-теп, әрқайсысын жеке-жеке, жан-жақты қарап, болыс басқарушысы қызметіне үміткер ретінде таңдайды. Ойши бай мен елдің беделді адамдары.

Мыржық Смайылұлы Сүндебайды болыс басқарушысына бірден-бір үміткер болады деп токтам жасайды.

Ойши бай бір топ нөкерлерімен Шыбықты көлдің жағасында жаз жайлауда отырған Смайыл байдың ауылына келіп түседі. Қонаққа құлын сойылып, дастархан жайылады. Астан соң, Ойши бай Қапал уезінің басшысы Жәлмендімен

болған әңгімені қайталап жеткізеді. Ояздың қабылдауында болып, жаңа туған ұлына “құтты болсын, бауы берік” болсын деп үйіне барғанын, берген тарту-таралғыларын, оны қалай бергенін толық айтады. Жиналған көшілік бұл әңгімені ұзынқұлактан алып-қашты ретінде естігені болмаса, анығын білмейтін. Ойши байдың мырзалығына, тапқырлығына риза болысты.

Іле бойы елінің Қаратал болысынан бөлінетінін естіп қуанысты. Ойши бай Смайылға қарап: Байеке, Төменгі Іле болысына болыс басқарушысы болатын азамат іздел жүрміз. Сіздің ұлыңыз Сұндетбайды соған лайықты үміткер деген тоқтамға келіп, сіздің ақ орданызға ат басын тіредік – дейді.

– Балам жас, ел тізгінін алып жүруге жарап ма екен – деп, Смайыл бай екі ұшты жауап береді.

Әңгіменің ұзын-ұрғасын шай құйып беріп, тыңдарап отырған Балқия ана сол кезде күйеуіне қарап:

– Отағасы, сізге сегіз ұл туып бердім. Менікі емес, құдайдың бергені ғой. Соның біреуі маган бұйыратын шығар. Ойши бай, сізге атқосшы болуға жараса бердім, сол ұlyмды. Сұндетбайдың болашағынан үлкен үміт күтемін –дейді. Көшілік макұлдан бас изесіпті. Үйге Сұндетбайды шақыртады. Еңсегей бойлы, қара сұр, атжакты, қыр мұрынды, қыран қабақты, өткір көзді, қияқ мұртты батыл жігіт Сұндетбай сәлем беріп, үйге кіріп келгенде, іздең адамдарын анық тапқандарын білді. Көшілік бата беріп, ақ жол тіледі. Анасы Сұндетбайды туарда қасқырдың жүргегіне жерік болыпты. Смайыл бай қасқыр аулатып, жерік асын әкеліп береді. Бәбішенің жерігі басылмайды.

– Маган кездейсок қасқырдың жүргегін әкеліпті, жерігім басылмады. Қасқырдың арланының абадан дегені болады. Менің жерігім қану үшін соның жүргегі керек – дейді Балқия ана. Содан тездетіп, он шақты жігіт қасқыр аулап, абадан-ды қолға түсіріпті. Сонда туған екен осы Сұндетбай. Содан кейін Смайылұлы Сұндетбай Төменгі Іле болысының басқарушысы болып, екі мәрге сайланыпты. Үлкенін қастерлең, құрмет тұтып, жетім-жесірлеріне пана, халқына қамқор болған. Әділдігімен, адалдығымен, ақыл-парасаты-

мен есімі ел аузында қалды. Дүние куу, дәulet жинау де-  
генді білмеген, сонысымен бөлекше құрметке, абырайға ие  
болған.

Батыл, ұшқыр ойлы, шешен Сұндетбай Қапал уезімен  
Жетісу губерниясының басшыларымен болыс билерімен,  
ел ағаларымен игі жақсыларымен тығыз қарым-қатынаста  
болған. Солар арқылы Үш жүздің атақты адамдарын та-  
нып білген. Қапал уезінің басшы қызметінде болған атақты  
Жәлменді мен оның баласы Пшанмен аралас, досжаран  
болған.

Жәлменді Сұндет-байды алғашқы көргенінде-ақ ұнатып,  
жас жігіттің бола-шағын үлкен үмітпен қараған. Жас  
болыстың ел ішінде жүргізіп жатқан істерінен хабардар:  
ұйымдастыру шеберлігіне, әділдігіне, шыншылдығына,  
туралығына қанық болып ризашылығын білдіріп отырған.  
Байлардың өсіміне, олардың кедей-кепшікке, жетім-жесір-  
лерге көзқарасына қарасты мәселелердің он шешім табаты-  
нына күмәнсіз сенген. Бірде Ойши байға Жәлменді былай  
депті :

— Ойши бай, жас болысың қалай, сенімен санаса ма? —  
депті.

— Жәлменді, мен халықтың қалауын істедім. Менің билік-  
те нем бар — деп жауап беріпті.

— Откір пышақ қынга қас деген, осы жас болысың тым  
қимылы ширак, сөзі еткір, саған зияны тимейтін шығар дे-  
генім ғой — деген екен Жәлменді.

Байлардың халыққа, кедейлерге, жетім-жесірлерге жасап  
келген әділетсіздігі мен қиянатын тоқтатқан. Ойши байдың:  
— Сұндетбайды болыстыққа өзім қойдым, қамшының сабын  
өзім ұстаймын — деген ойы іске аспай қалады. Бірақ Ойши  
бай көрегендік танытып, Сұндетбай мен ашық айқасқа  
түспеген.

Аста дуниеден өткен кісіні әuletі жоқтау айтып еске алса,  
ақындар оның кісілігін, адамгершілігін мактап жырга қосқан.  
Ас кезінде ақындар айтысын ұйымдастырып, женген ақынға  
арнайы жүлде тағайындаған. Қордайдан келген Әзіrbайұлы  
Кенен ақын мен Жалайыр Жапсарбайұлы Қалқа ақынның  
айтысын халық таң атқанша тамашалаған.

### *Айтысты Қалқа бастап:*

Үш жүзде кім білмейді Сұндетбайды,  
Қажы деп, қадыр тұтып ардақтайды  
Болыс сайлап, халқына әділ болған  
Осылай ақын Қалқа сөз бастайды.

Сен бе едің Қордайдағы Кенен деген  
Құлағым Кенен десе елендеген  
Асында Сұндетбайдың кез келіппіз  
Қалқаны дәмен өз бар ма женем деген

### *Кенен:*

Сенбісің Жалайырдың Қалқа ақыны  
Жоқ па екен сенен тәуір басқа ақыны  
Кененді жеңемін деп айқай салдың  
Мықтымын, сен емеспін, бос тақымы –

деп екі ақын сөз таластыра отырып, Сұндетбай қажының асыл қасиеттерін, адамгершілігін, әділеттігін, көрегенділігін, елін сүйген азамат екенін жырмен өріп өрнектеді. Кенен ақынның биік даусы, адамды өзіне тартып алатын жағымды үні, алапат күші бар ақын екені белгілі. Жалайыр елінде Сұндетбайдың асында болғанын былайша баяндайды: Жалайыр елінде үлкен ас болды. Соған мен де бардым. Өн тындеймыз деп келген жұртта есеп жоқ. Алты қанат ак үйдің іші де, сырты да иін тірекен халық. Атақты “Тік шырқау” әнін шырқап жатқан едім, үйдің кереге жіптері бырт-бырт үзіліп, шаңырағы қисайып ортага түсе жаздады. Бір-бірін басып кетердей қаумалаған жұрт мұны Кененнің даусына шыдамай кетті деп жатты. Бәлкім солай да болған шығар - деп отыратын – деп жазды, Кененұлы Бақытжан. Онысын әкем өзінің : “Қадірді алма, құдайым, қартайғанда!” дейтін өлеңінде былайша көрсетеді:

Қадірді алма, құдайым, қартайғанда,  
Кім әкеліп береді жантайғанда?  
Жалайыр Сұндетбайдың жиынында  
Алты қанат ақ орда үй шайқалды  
Алатауды жаңғыртып ән салғанда –

деп, әкем Жалайыр Сұндетбайдың асында көшіліктің өзіне  
деген ықыласын жиі қайталап отыруши еді – дейді.

Қазақ даласына аты шыққан, атақты ақын Сара Тастанбекқызы ауруына ем іздел (бақсы, балгер) Бәйшегір Сұндетбай қажы аулына келіп, көп уақыт болып, ауруына ем табады. Қайтар кезінде болған жерлерін, көрген құрметі мен қошеметін еске алып, өлең жазыпты.

Жалайыр жалпақ жатқан берекелі  
Ежелден белгілі ғой ел екені  
Әдейі іздел, аңсап келгенімде  
Аранда қызық көрдім мерекелі

Көп болдым араңызда Балғалы, Аңдас  
Бәйшегір, Арықтыным жатқан жалғас  
Рахмет, Құрметіңе иемін бас  
Дертіме шипа іздел келіп едім

Айықты ауруымнан жаныма қас  
Әулие адам екен Байғұл молла  
Ауруды емдел еді қалды жолда  
Сұндетбай болыс екен осы аймакта  
Ел- жұрты құрметтеген сөзге жорға –

деп айтқан өлең жолдары жұрт есінде қалыпты. Ақын Сара Тастанбекқызының Сұндетбай болыс пен жүздесіп, дәмдес болғандығының куәсы осы ел аузында қалған өлең жолдары. Сара Тастанбекқызының “Тордағы тоты ” деген өлеңдер жинағында көрініс тапқан.

## Сегіз қырлы

Сұндетбай жастайынан ақылды, зерек, ерекше қабілетті бала болып өседі.

Домбыра тартып, ән айтады. Құреске түсіп, өзі қатарлы жігіттермен белдесіп, мереі үстем болып жүреді. Әсіресе окуға ықыласты болады. Экесі Смайыл мешіт ашып, балалардың сауатын ашу үшін молда ұстаған. Есқара Қара-Бейсенбет Жәкешұлы Шәмші халық “сары молда” атап кеткен адам еді.

Ол Қазан қаласында діни семинарияда арнайы білім алған. Смайылдың шақыруы бойынша осында келген болатын. Сары молданың алдынан білім алған, енді оны ары қарай дамыта түсудің сәті келе кетеді. Сол қарсанда Ташкенттегі діни семинарияны бітіріп, Бұқара қаласындағы жоғары дін окуын тамамдаған Сиыршы Таубек баласы Сағатбек келеді. Ол сол кезде Ташкенттегі дін жұмысында инспектор болып жұмыс-қызмет істейді екен.

Жетісу өңіріне келіп дін жұмыстарын ұйымдастырып, қайту сапарында 1887-1889 жылдар аралығында Бәйшегір Мыржық еліне, яғни Смайыл байдың ауылына тоқтайды. Сағатбек сол замандағы білімді адам болса керек, өйткені ол 40 жасында Халиф атағын алғыпты ( инспектор, тек дін жолында). Сұндетбайдың осы Сағатбектен дәріс алуының сәті түседі. Сағатбек кенеттен ауырып, Смайл ауылында қаза болады. Кейін Халиф-Ишан атанып кеткен жерге жерленеді. Сағатбек Халф-Ишан Сиыршы Жалайыр Құдайбергеннен тараған Таубекұлы. Олар үш ағайынды. Сағатбектен Ахметқұл мен Пазыл туған, олардан тұқым жоқ. Үлкені Жастай қайтыс болған. Асанынан ұрпақ бар.

Бәйшегір Сұндетбай қажы елінде осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын қайтыс болған аталарының зирағы жатқанын Асаннан тараған ұрпақ білген. 2005 жылы, көктемде Таубектің шебересі Асанов Құрманбек деген азамат туыстарын бастап, Көктал ауылын іздеп келді. Халиф-Ишан атанып кеткен биік қара төбенің көлемі шағын Батысын жағалап Жиделі өзені ағады. Жері шұрайлы, сұы құнарлы,

оты бітік, жайылымды өріс. Биік қара төбенің етегінде Сейсенұлы Саятай мен Есбайұлы Құрышпанбеттің шаруа қожалықтары қатар жатыр. Олар төрт түлік мал өсіріп, қоражай салып, сол өлкенің сәнін келтіріп, әрін кіргізіп отырған азаматтар. Солардың көрсетуі бойынша көп қорымның арасынан Сагатбек Халиф-Ишанның жатқан жері анықталып, зираты табылды. Аталарының мәңгілік тыныстаған жерінде ас беріліп, құран бағышталды. Аруағы ардақталды. “Білімді атаның үрпағы білікті”, – десті жүрт.

Сұндетбай асау жылқы үйретуге құмар болады. Қандай асау болсадағы, мысы басып, төрт аяғы дірілдеп, тырп етпей қалады екен. Өзі мініп, басқаларға мінгізіп, бас-көзін шылап, ақ тер, көк тер қылып, аз уақыттың ішінде бас білгізеді екен. Аса айлалы, әдіской, тақымды болыпты. Жүген-құрық тимеген асау көк бестіні ауыл жігіттері жабылып үйретіп жатады. Анасын арда емген, еркін есken қара көк сүйекті, ірі жылқы еді. Шу асаулығына басып бой бермей жүреді. Оған мініп, бас білгізу онай болмайды. Тақым кесті талай жігіттер мінгені мен көк бесті тымақша ұрып, мойындармайды. Ат үйретуді тамашалап тұрған көпшілік қара көктің мысын басатын бір жігіт табылмағаны ма деп тұр еді. Осының бәрін сырттан бақылап тұрған Сұндетбай көк бестіге өзі мініп көруді тәуекел етеді. Жылқышының жалпақ торы атына мініп, кескілі мән құлағын қосып ұстап, басып тұрып, асауға ер салғыздырады. Тізгін, шылбырды қолға алып, жалпақ торының үстінен, көк бестінің үстіне лып етіп, мініп алады.

Асаудың басын күнгө қарай бұрып, шаба жөнеледі. Сұндетбайдың көк бестіні қалай үйреткені жайлы ел арасында талай әңгіме болады. Жас жігіттің бойында өздері білмейтін скрекше қасиеттің бар екенине көпшілік шүбә келтірмей тарасады. Үй толы төрден есікке дейін отырған қонактардың шәй кеселерін ауыстырмай жеткізіп, айтқан әнгімелерін қалт жібермей тыңдаған, ер қонақтың қимыл- қозғалысын бақылап отыратын ерекшелігі болған.

Атбауырын сыйздырта жасыл шалғынды кешіп келе жатқан жолаушылар жаңа жүртқа орындаған, ізлеген ауылдарының үстінен түсті. Шу өзені алабында жайлауда отырған Шай-

мардан байдың ауылына Смайыл бастаған топ ат басын тіреді. Ауыл үсті абыр-сабыр, қызыл-жасыл киінген қыз бозбала, ауыл толы адам, керме толы аттар. Үзенгілес, сырлас адамын көрген Шаймардан Смайылды достық көңілмен қарсы алды. Ақ ордасына түсіріп, қонақтарына қымыз ұсынып, ас әзірлеңіп, жөн сұрады. Ол Қаратая асып Қожа Ахмет Ясаудің кесенесіне арнайы барып, тәу еткен Түркістанға сапарының мәнін түсіндірді. Қасына ерген адамдарының аты-жөндерін агады, ұлы Сұндетбайды көрсетті. Ашық жарқын әңгіме ауылдағы думан жайына ауысты. Әңгіме арқауын созып, сөз тізгінін ұстап отырған бай әңгімешіл кісі еді.

— Смайыл бай, қуаныш үстіне дөп келдің. Кенже қызыым Зылиқаны ұзатқалы тойға дайындық жасап жатырмын. Құрметті қонағым болып, тойға қатысыңыз – деді, Шаймардан көл-көсір тойының төрінде отырсын деген ниетін білдіріп.

— Достық көңіліңге, шынайы ниетіңізге үлкен рахмет. Жолаушыны жолда көр деген, Байеке. Елден шыққалы біраз уақыт болды, – деді Смайыл. — Балаңыз бақытты болсын, барған жерінде құрметке бөленип, ауылының анасы атансын, – дөп бетін сипады. Шаймардан сөзді ары қарай жалғастырып:

— Балалар мен балалар таныссын. Сұндетбайжанды қалдыр. Тойға қатыссын. Тойдан соң қасына серік қосып қайтарамын – деді ол, жігіт жүзіндегі пейілді байқап. Смайыл ұлына қарады. Той тойлағанға не жетсін кім қарсы болсын. Ол басын изеді, макұлдағанын білдірді. Ұлы Бақдәuletті шақыртып, көпшілікке сәлем бергізді. Сұндетбайды арнай таныстыруды.

Бақдәulet онтайлы, епті, пысық жігіт болатын, екеуі бір-бірімен тіл табыса кетті. Қарындасты Зылиқаны Жұман деген жігітке ұзатқалы жатқанын әңгімеледі. Оны мен таныстыратын ниетін жеткізді.

Ертеңіне Смайыл бастаған топ аттанып кетті де, Сұндетбайдың қасына Әжібекті қалдырды. Бақдәulet сөзінде тұрды. Сұндетбайды ертіп күйеу жігіт түскен үйге келді. Ұлу жүзді, ашаң жігіт орнынан атып тұрып, жатырқамастан келгендерді құшақ жая қарсы алды. Бақдәulet екі жігітті бір-біріне таныстыруды өз мойынына алды. Сұндетбайға қарап тұрып:

— Бұл жігіт Балқаш бойынан келген Жалайырдың ішінде Бәйшегір Смайылдың ұлы Сұндетбай мырза – деді де аз-кем тоқтап, Жұманға бұрылып қарады.

— Күйеу жігіт, Жұман деген осы – деп, күлімсіреді.

Жастары шамалас екі жігіт төс қағысты. Бұл рәсім олардың арасында үлкен достыққа айналатын бастау болатынын, олар ол кезде білмеген еді. Жұман сөзге шешен, ойы оралымды, білімді, өнерлі, алғыр жігіт болатын. Адамгершілігі мол, ақылды жігіт жаңа танысының бойындағы асыл қасиетін тани білді, оны көрген бетте өзіне жақын тартты. Таныстықтары бірте-бірте достыққа жетеледі. Той үстінде екеуінің жұбы ажырамады. Бірге жүрді, бірге қыдырды, бірге отырды, топқа бірге араласты. Ойын сауықтың ортасында болды. Өнерлі жігіттер домбыра тартып, ән салды. Олардың аз уақыттың ішіндегі бір-біріне деген ынта-ықыластарына, ниеттеріне басқалар қызыға қарады. Жігіттермен қатар, қара көз қыздар да тілдесуге ынтықты. Дүрия камзолы, үкілі камшат бөркі, торғын шәлісі кербездігін кемелдендіріп тұрган Жұманның кербез қарындасты Үмітер де осында. Ол жеңгесінің тойына, тойдан соң, оның ұзатылуына қатысады. Сирек көрінеді, үнемі болашақ жеңгесінің қасында. Бойшандау, әдемі қара торы, қарақат көзі мөлдіреп, күлген кезде аппақ тістері маржандай тізіліп көрінеді. Ақылының көркіне сай екендігі жанының жайсандығымен ашылып көрініп тұрады. Оны көргенде жігіт те ынтыға қарады. Қайта көргенше тағат таппады, асау сезім шынайы маҳабbatқа айналmasa неғылсын.

Аспанда ай жүзген тұңғыық, тынық түнде, жайлаудың саф ауасы көкірегінді күмбірлетеңді, кеуденді кереді. Өзеннің сылқ-сылқ күлген сұлудың күлкісіндей тұнық ірімі ғана тыныштықты бұзып тұргандай. Күлкілері сыңғырлап, шолпылары сылдырлаған көп қыздың ішінде сылқым жеңгесімен қол ұстасып, алтыбақанға Үмітер де келді. Онымен емін-еркін сөйлесе алмайды. Оңаша емес қасында ағасы. Ол ешинарсеге мән бермеген болады, байқатпауға тырысады, бірак тез арада түсінісіп қалғандарын қағыс жіберген жоқ. Көз көнілдің айнасы деп, қыздың қылышы, жігіттің ынтығы

басқаларға байқалмаса да, оған елеусіз бола алмады. Жігіт әдеп сақтап, қыз ағасынан ұят деп, сыр бермеуге тырысып бағуда. Алтыбақанда бірге тербеліп, эткеншекке қатар мінудің қисыны келе қалды. Ерке Кербез қыздың қолаң шашындағы күміс шолғысы сыңғырлап, құлімсірей қарағанда, маржандай аппақ тістері жарқ ете қалды. Еркелігін білдіре, білегін жігіттің иығына асты да, халық әні “Ахай керімді” әулете жөнелді. Қыздың жібектей нәзік үніне, жігіттің жағымды қоңыр дауысы өлең қайырмасында қосыла шырқалып жүре берді.

Ахай керім  
Бұраң белім  
Күнде жиын, күнде той  
Жүрген жерім –

деп, өлеңге өсем әр беріп, шырайын кіргізіп, жандандырып қалықтатты.

Ризамын, жан қалқа, сертке жетсең  
Қыын-қыстау жерлерден аман өтсең  
Бір шыбындай жанымды құрбан етем  
Ғашығынды өзің біл зар еңіретесең –

деп ішкі сезім, лықсып, толқын атып, сыртқа ақтарылып жатты. Жанарлары жалтылдан жалын атып, гүл іздеғен перште көңілдер үйлесім ырғағын бірге тербеді. Алтыбақанга жиналған қыз-келіншек, жігіттер мен бозбала жарасым тапқан дауыстарға құлак қойып, елти құмартып жұндар жүтқандай тамсанып, сүйсіне тыңдады.

Ән аяқталған кезде оларды қолдап, дем беріп, қошемет көрсетті. Адалдық пен іңкәрлікті өлеңмен өрнектеген екі жас аса көңілді еді. Жігіт қыздың құлағына баяу сыйырлай жалғыз ауыз сөз жеткізді. Қыз жымысып, жігітке қарады. Ерке сылқым Зылиқа қыздың ұзатылу тойы аяқталып, тойға келгендер тарай бсатады. Бақдәulet қонағын жібергісі келмеді, оның үстіне Жұман да өз тойына шақырып, тойға қатысуын өтінді. Ағасының қасындағы қыздың қимастықпен үздіге

караған пәк көзқарасы жігіт жүрегін лұпілдетіп жіберді. Қонақ жігітті дегеніне көндірген Жұман оны ертіп, күншілік жердегі ауылына көштен бұрын келді. Әкесіне сәлемдесіп, қонағын таныстыруды. Асқарбай мінезге бай, сабырлы, парасатты адам еді. Ақылды адамның бойындағы жақсы қасиеттері тағылымды тәрбие арқасында ұл-қыздарына берілген, жатырқамай жән сұрады. Азаматтығы айшықталып тұрған жас жігіттің бойындағы күш-жігері, ақыл мен әдепті, алғырлық пен кішіпейілділікті қалт жібермей анық байқады. Қырмызы бәйбіше де оның бойындағы асыл адамгершілік қасиеттерді жазбай таныды, әдепті елдің ұланы екенін білді. Аз уақыт ішінде балаларымен қалыптасып қалған қимастықты да жақсылыққа жорыды. Асқарбай бай бір жетіге созылған тойды дүрілдетіп өткізді, байлығын шашып, ешнәрсені аямады. Ат бәйгесі, балуандар күресі, сайыс тағы басқа қызығы көл тамаша тартысты ұлттық ойындардың әсері мол болып, естен кетпес әсер қалдыруды. Той қызығы таусыла ма, бірақ оның да шегі бар. Сұндетбай осы аралықта көп нәрсені көңіліне түйді. Елмен жұртпен араласты, танысып білісті. Жаңа таныстар тапты. Жұманмен арасы бұрынғыдан да жақындей түсті, жолдастық достыққа қарай ұласты. Ата-анасының пейіл, мейірімі ұлғайды. Қыздың өзіне деген қимастығы артып, құштарлығы шынайы сезімге айнала бастағанын сезді. Осы уақытта өзі де ойлы жұзбен салмақтап, саналы түрде пайымдалап, “Осы қызға қол жеткізсем, өмірлік жар болуға әбден лайықты” - деп ойлады. Қонақ болудың да қисыны бар, еліне қайтуға дайындала бастаған күннің бәрінде Үмітермен оңаша жолығудың сәтін тапты. “Жұрт мактаған жігітті, қыз жақтайды” – деп, қыз жұдырықтай жүрегінің лұпілі түйілген кестелі ақ жібек орамал ұсынды. Бұл орамал қыздың үміті мен сағынышының белгісі екені айқын. Сезім сұлулығы ынтықтырған, ыстық лебі шарпыған қыздың жұмсақ, жылды алақанын жүрек тұсына басып тұрып:

– Үмітер, сені айттырамын – деді жігіт, батыл шешім қабылдап. Қыз күлімсіреп, басын изеді, көптен күткен асыл сезді естіді.

— Сізді сағыннатын боламын — деді, сыбырлай сөйлеп, ынтығын жеткізіп, келісімін берді. Жігіттің де күткені осы болатын. Сұндетбай Жұманның ата-анасына қонақжайлыш көрсеткендері үшін шын пейілді ықыласын білдірді. Қыз ағасы Жұманға Үмітермен сөз байласқанын жасырмады. Эр сөзіне мән беріп сөйлейтін, ойын санаға түйіп қондыратын қайратты жігіттің шешіміне қыз ағасы нық сенді.

— Алла дегендеріңе жеткіzsін — деді, Жұман қимай қоштасып. Сұндетбай елге келісімен, әкесі мен шешесіне Асқарбай байдың Үмітер деген қызымен сөз байласып келгенін, қыз ағасының қарсы емес екенін айтты.

Смайыл ұзатпай-ақ Асқарбайдың еліне барып, оның келісімін алып, Үмітер сұлуды айттырып, құда түсіп келді.

### **Үмітер мен Сәліман**

Сұндетбай екі әйел алған. Екі әйел күнестік емес, үндестік, қызғаныш емес сыйластық, сырластық таба білген. Әдепті келін, сыпайылығымен өзгелерді әдеп сактауға жетелеуші, үлкенмен үлкенше, кішімен кішіше тіл табыса білген. Ата күткен, ене сыйлаған, бірнеше қайын өсірген, ұрпақ өсірген, қолы ашық, дастарханы мол, бақытын баянды еткен. Заман ағынымен арпалысып өмір сүрген, биліктің артықшылығын пайдаланып, көп адамға жетім-жесірге, кедей-кепшікке жақсылық жасауға ұмтылған адамға сүйеніш, ақылшы қамқориши бола білген. Билік иесіне тұзак құрып, іліктіргісі келетіндер, басқан қадамын аңдып, сүріндірудің амал құрығынан аман жүруде қасынан табыла білген. Ондай адап жар, ақылшы дос екінің бірінің маңдайына біте бермейтін бақыт. Туған шаңырағында жақсы тәлім-тәрбие алған, нағыз қазақ қызына тән қасиеттері мен артықшылықтары бойларында болған. Бұл әйелдер міnez байлығымен сөйлесе де, күлсе де көпке ұнайтын. Екеуі де салт-дәстүрді сактаған шығыс әйелдеріне тән әдеп пен инабаттылықты дәстүр тұтқан. Әйелдік, аналық мейірбандылық пен төзімділікті мәдеу еткен, құйеуінің қадірін білетін жандар болған. Үйлерінің ажарын, ауылдың береке, бірлігін келтіріп отырған. Бірін көп

қылышп, көбін көл қылышп, ер азаматын пір тұтып, құрметтеп қадірлекен.

Сұндетбайдың өзінің жүрек қалауы мен ұнатып қосылған әйелі – Үмітер. Қайшылы Жалайыр Жұман болыстың қарындасы. Бойшан қара торының әдемісі, сұлу, қыр мұрынды, аппақ тістері маржандай тізілген, қыпша бел, ойы ұшқыр, ақылы көркіне сай, адамгершілік қасиетін мінезіндегі көркемдігі ашып тұратын, жаны жайсан, жан сұйсінгер істері көп болған әйел. Үмітер Ізтай және Ұмын деген екі қызы туып, Ниетбайдың ұлы Мәусімбайды бауырына салып, тәрбиселеп өсіреді. Ауылдың ішкі-сыртқы шаруашылық жұмыстарын атқару, оны ұйымдастыруды, өзі атқарып, қүйеуіне салмақ салғызбаған.

“Ат – ер қанаты” деп болыстың сенімді серік аты, Қоңыраттың күтіміне ерекше назар аударған. Шалғайда ел аралап, Қапал асып, ел-жұрттының қамымен жүрген қүйеуінің оралар мерзімін біліп, күзет қойғызып, ас-суын дайындал отырған. Қоңыраттың дүбірі естілісімен, керме ағаштың түбінде тосып, қүйеуін аттан түсіріп, атын байлаған. Күлімсірәй жүріп, дастарханын дәмге толтырып, қүйеуінің қас-қабағын, қимыл, қозғалысын қалт жібермеген.

Екінші әйелі – Салиман, Найманның қызы. Әкесі Смайл құда түсіп, айттырып қосқан. Ол – орта бойлы, акқұба, козі карақаттай мөлдіріген, он жақ бетінде әдемі қап-қара меңі бар, пісте мұрын, көрікті сұлу әйел. Одан Құлғайша, Айғанша, Тайғанша деген үш қызы, Қөптілеу (ертерек қайтыс болған), Нығыман деген екі үл туған.

Сұндетбайдың ат қосшыларының бірі болған – Ерсары Жаманай баласы Жұртымбет былай дейді: – Ол ұнемі таза кинетін, сыпайылығын сактайтын, талғампаз, сырбаз жан еді. Ойын бүкпелемей ашық айтатын, бір сөзді адам болатын. Сегіз қанат ақ ордасын тіккен кезде, анадайдан барып, биіктеу жерден қарап, үйдің түзу тігілуін, әрбір уықтың дұрыс шаншылуын бақылап тұратын.

Әйелдерін тең ұстайтын, балажан кісі еді. Оңашада балалары ұстіне шығып ойнайтын. Қоңыратты ерекше жақсы көрді, оны жанына балал мінетін. Мен әжетке жараган бетте

ат багушы болдым. Қоңырат әбден қартайса да сойдырмады. Қара, қоңыр түсті жылқыны ұнататын. Кейін Қаракер ат мін-ді, ол да мықты, төзімді, келісті жылқы еді, бірақ Қоңыраттай қайдан болсын.

Сұндетбай қажы өмірі жайлыш ойланып жүрген күндердің бірінде түс көрдім.

Сұндетбай қажының үйі екен деймін. Керегесі қең жайылған, еңселі ақ ордаға кірдім. Үйдің төрінде үш адам отыр. Біреуі – ер адам, екеуі – әйел. Ел аузынан естуімше көзін көрген адамдардың айтуы бойынша ер адамды жазбай танимын. Сұндетбай еңсегей бойлы, иықты, қең қеуделі, ат жақты, қалың қасты, қыр мұрынды, өткір көзді, сақал- мұрты сиректеу самайынан басталған шашы иектегі шоқша сақалы мен жалғасып тұрған қарасұрлау, жүзінен имандылық нұры тамған қалыптағы адам екен. Оң жағында отырған қара торы әйелдің басында ақ жаулығы бар. Сол жағында өрінс таяу отырған аққұба әйелдің басындағы қызғылт жаулығын байқадым. Екі әйелдің де бастары ортада отырган ер кісінің иығынан сәл-пәл ғана асып тұр. Он жақта отырган әйелдің маңайында ешкім көрінбейді. Сол жақта отырган әйелдің маңайында біраз адамдар отыр.

Тоқымбай жазығына ас қонактарына ариалып 500-ге жуық үй тігілді. Он бес мындаған адам жиналды. Өкімет адамдарының нұсқауы бойынша үйлерді топтап, ауыл-ауыл етіп, арақашықтық сақтап орналастырды. Барлық ауылдардың бет алдына Мыржық руының үйлері тігіліп, қең алаңқай орталыққа Сұндетбайдың қаралы ордасын орналастырады. Осында мұнға малтыққан зарлы дауысты әйелдер көз жастарына ие бола алмайды. Олар марқұмның аруагын ардақтап жоқтау айтып жатыр. Екі мезгіл : таңертеңгілік күн шығарда, кешке таман күн үясина кірер кездे дауыс салады. Үмітер мен Сәлиман қасында абысындары мен қыздары кезектесіп жоқтау айтады, кейде оларға басқа әйелдерде қосылады.

Сенсіз таңның атқаны-ай,  
Сенсіз күннің батқаны-ай,  
Құдіреті күшті бір Алла  
Әсі де көрме айтқанды-ай.